

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті

«Бекітемін»

Академиялық мәселелер бойынша
Басқарма мүшесі – проректор,
қабылдау комиссиясы төрағасының
орынбасары

_____ Д.М.Абдрашева
« ____ » _____ 2026ж.

D071-«Мемлекеттік және жергілікті басқару» білім беру бағдарламасы тобы
бойынша докторантураға түсушілерге арналған емтихан

БАҒДАРЛАМАСЫ

Қызылорда, 2026ж.

Құрастырушылар: э.ғ.к., доцент Г.Ж.Рысмаханова, э.ғ.к., қауымдастырылған профессор Қ.Н.Бекетова, э.ғ.к. М.Ш.Кушенова

Бағдарлама «Экономика және басқару» БББ мәжілісінде талқыланып, ұсынылды.

№ _____ хаттама, « _____ » _____, 2026 ж.

БББ жетекшісі:

М.Ш. Кушенова

ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

Бағдарлама Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығымен бекітілген «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын» және «Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті» КеАҚ жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларына білім алушыларды қабылдау ережесі сәйкес жасалды.

Философия докторлары (PhD) бағдарламасы бойынша докторантураға түсу емтиханы келесі блоктардан тұрады және бағалау жүйесінің 100-балдық шкаласымен жүргізіледі:

Емтихан бөлімі	Балы
ЖЖОКБҰ-ның емтихан комиссиясы оқуға түсушімен өткізетін әңгімелесу	30
Эссе	20
Білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша емтихан сұрақтары	50
Барлығы/ өту баллы	100/75

Докторантураға түсу емтиханына 3 сағат 30 минут (210 минут) беріледі, оның ішінде:

әңгімелесуге – 20 минут;

эссе және білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша емтихан сұрақтарына жауаптар жазуға – 190 минут (3 сағат 10 минут).

Докторантураға түсушілер үшін әңгімелесуді «Эссе жазу», және «Білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша емтихан сұрақтарына жауап беру» блоктары бойынша түсу емтихандарын тапсырғанға дейін жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының арнайы құрылған комиссиясы онлайн форматта дербес жүргізеді.

Әңгімелесу өткізу регламенттері:

- ✓ Әңгімелесудің бейнежазбасы қатаң талап етіледі. Бейнежазба мұрағатта кемінде үш жыл сақталады;
- ✓ Әңгімелесу ұзақтығы бір үміткерге 20 минутты құрайды (әңгімелесуге 15 минут және бағалауға 5 минут);
- ✓ Білім бағдарламалары тобының бейіні бойынша емтихан сұрақтарын және эссе жазуға - 190 минут (3 сағат 10 минут).
- ✓ Әңгімелесу емтихан комиссиясының төрағасы, мүшелері және хатшысы қол қойған хаттамамен ресімделеді;
- ✓ Әңгімелесу нәтижесі жеке кабинетте «жіберу»/«жібермеу» форматында көрсетіледі.

✓ Түсуші әңгімелесуге келмеген жағдайда әңгімелесу күнін кейінге қалдыруға жол берілмейді, 0 балл қойылады, хаттамамен ресімделеді. Хаттамаға емтихан комиссиясының төрағасы, мүшелері және хатшысы қол қояды және докторантураға қабылдау емтиханының келесі блогына жіберілмейді;

✓ Әңгімелесуден өтпеген түсуші мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқу үшін конкурсқа жіберілмейді және университетке ақылы негізде қабылданбайды.

Әңгімелесуді бағалау критерийлері

Әңгімелесу оқуға түсушінің кәсіби және жеке қасиеттерін, ғылыми-зерттеу немесе эксперименттік-зерттеу жұмыстарын жүргізу потенциалын бағалауға бағытталған.

№	Критерийлер	Дескрипторлар	Ұпайлар
1.	Мотивация	Тандалған ББ бойынша докторантурада оқуға және белгілі бір ЖОО-ға түсуге арналған уәждерді дәлелдеу. Оқуды аяқтағаннан кейін кәсіби және жеке өсу перспективаларын көру.	5
2	Зерттеу құзыреттілігі	Белгілі бір пәндік саладағы ғылыми-зерттеу қызметі үшін қажетті зерттеу дағдылары мен тәжірибесін меңгеру.	10
3.	Креативті ойлау	Стандартты емес ойлау, проблемаларды, ситуациялық мәселелерді шешудің шығармашылық және балама тәсілдері.	10
4.	Коммуникативті	Өз көзқарасын қысқаша, өкілді, логикалық, дәлелді түрде жеткізе білу, жалпылау және қорытынды жасау. Тілдерді меңгеру.	5
Ең көп ұпай саны			30

Эссені бағалаудың түрлері мен критерийлері

Теориялық білім, әлеуметтік және жеке тәжірибе негізінде өз дәлелдерін құра білу қабілетінде көрсетілген аналитикалық және шығармашылық қабілеттердің деңгейін анықтау үшін эссенің келесі түрлері ұсынылады:

Эссе түрлері	Сипаттамасы	Эссе көлемі
Мотивациялық	Ғылыми-зерттеу қызметіне ынталандырушы уәждер туралы түсушінің дәлелдері (research statement)	Кем дегенде 250 сөз
Ғылыми-аналитикалық	Оқуға түсушілерге болжамды зерттеудің өзектілігі мен әдіснамасын негіздеу (research proposal)	
Проблемалық-тақырыптық	Пәндік білімнің өзекті аспектілері бойынша авторлық позицияны ұсыну	

Эссені бағалау критерийлері

Критерии	Дескрипторылар	Балл
Тақырыпты аша білу	Мәселе теориялық деңгейде ашылды, ғылыми терминдер мен ұғымдарды дұрыс қолдана отырып, әртүрлі көздерден алынған ақпарат қолданылды	4
	Мәселені ашуда өзіндік көзқарас (ұстаным, көзқарас) ұсынылған	4
Негіздеу, дәлелдеу базасы	дәлелдердің болуы, себеп-салдарлық байланыстарды анықтау, жекеден жалпыға, жалпыдан жекеге дейін ойлау қабілеті.	4
Композициялық тұтастығы және жеткізу логикасы	композициялық тұтастықтың болуы, эссенің құрылымдық компоненттерінің логикалық байланысы, қорытындылар мен жалпылаудың болуы	4
Сөйлеу мәдениеті	академиялық жазудың жоғары деңгейін көрсету (сөздік, ғылыми терминологияны білу, грамматика, стилистика)	4
Ең жоғары балл		20

Білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша емтихан құрылымы мен мазмұны
Электрондық емтихан билеті 3 сұрақтан тұрады:

Блоктар	Сұрақтар сипаты	Балл
1-ші сұрақ	теориялық – теориялық білімнің деңгейі мен жүйелілігін анықтайды	10
2-ші сұрақ	практикалық – функционалдық құзыреттіліктердің қалыптасу дәрежесін ашады (пәндік салада әдістерді, технологияларды және әдістемелерді қолдана білу	20
3-ші сұрақ	зерттелетін пән саласын жүйелі түсінуді, зерттеу әдістемесі (жүйелік құзыреттіліктер) саласындағы арнайы білімді ашады.	20
Ең жоғары балл		50

Электрондық емтихан билетінің сұрақтарына жауаптарды бағалау критерийлері:

Сұрақ	Бағалау критерийлері	Балл
1-ші сұрақ	зерттелетін пәндік саланың негізгі процестерін білуді көрсетеді; мәселенің ашылу тереңдігі мен толықтығы	5
	талқыланатын мәселе бойынша өз ойын логикалық және дәйекті түрде білдіреді	3
	тұжырымдамалық-категориялық аппаратты, ғылыми терминологияны меңгерген	2
	Қорытынды	10
2-ші сұрақ	пәндік саладағы мәселелерді шешудің әдістерін, тәсілдерін, технологияларын қолданады	7
	құбылыстарды, оқиғаларды, процестерді дәлелдейді, салыстырады, жіктейді; практикалық дағдыларға негізделген қорытындылар мен жалпылаулар жасайды	7
	түрлі көздерден алынған ақпаратты талдайды	6
	Қорытынды	20
3-ші сұрақ	теориялық және практикалық әзірлемелерді, ғылыми тұжырымдамаларды және ғылым дамуының қазіргі заманғы тенденцияларын сыни тұрғыдан талдайды және бағалайды	7

	пәндік білімнің негізгі мәселелерін түсіндіруде әдістемелік тәсілдерді синтездейді	7
	процестерді, құбылыстарды, оқиғаларды талдауда себептік байланыстарды ашады	6
	Қорытынды	20
Ең жоғары балл		50 балл

АЛҒЫ СӨЗ

8D04139-«Мемлекеттік және жергілікті» басқару білім беру бағдарламасына докторантураға түсушінің білімділігіне қойылатын жалпы талаптар:

Докторантураға түсуші төмендегі талаптарға жауап беруі тиіс:

- әлеуметтік-экономикалық және гуманитарлық ғылымдар облысындағы негізгі ілімді біліп, әлеуметтік-экономикалық мәселелер мен үдерістерді ғылыми талдауға қабілетті болып, осы ғылымдардың методологиясы мен әдістерін кәсіпқойлық қызметте пайдалана алу;
- адамның адамға, қоғамға, қоршаған ортаға қатынастарын реттеуші этикалық және құқықтық нормаларды біліп, оларды экологиялық және әлеуметтік-экономикалық жобаларды жасауда пайдалана білу;
- экономикалық күрделі динамикалық жүйе екендігі туралы толық білімінің болуы;
- кәсіпқой қызметтерін іске асырумен байланысты мақсатты қойып, міндеттерді қалыптастыра білу, осыларды шешу үшін үйренген ғылымдарының әдістерін пайдалана алу;
- өзінің кәсіпқой қызметінің түрлері мен мінездерін өзгертуге әдістемелік және психологиялық дайын болу;
- өмірдің салауатты бейнесі туралы ғылыми түсінігі болып, физикалық өзін-өзі жетілдірудің қабілеттері мен дағдыларын меңгеру;
- ойлау мәдениетін игерген, оның жалпы заңдарын білетін, оның нәтижелерін жазбаша және ауызша түрде дұрыс жеткізе алу;
- ғылымның даму мен өзгермелі әлеуметтік тәжірибе жағдайында жинақталған тәжірибені бағалау, қазіргі ақпараттық білім технологиясын пайдалана отырып, жаңа білімдерді игеру;
- ақпараттық жүйелерді құрып, пайдаланып, қолдап және дамытып, ақпараттық менеджмент пен маркетингті іске асырып, басқарушылық шешімдер қабылдау үшін ақпаратты жинау, хабарлау, өңдеу және берудің компьютерлік әдістерін меңгеру.

Мемлекеттік басқару теориясы мен тәжірибесі

1. Мемлекеттің мәні мен нысандары және оны басқару қажеттілігі

Мемлекеттің пайда болуы, мәні мен негізгі сипаттамалары. Мемлекеттің пайда болуы туралы теорияның негізгі бағыттары және оны басқару тәртібі, мемлекеттік құрылымы және саяси режимі бойынша жіктелуі. Мемлекеттік құрылымдағы унитарлық пен федеративтілік. Президенттік және парламенттік басқару тәртібі. Монархияның, аристократияның және демократияның мәні мен ерекшеліктері. Мемлекетті басқарудың объективті қажеттілігі. Басқару жүйесі қоғамдық-экономикалық даму институты ретінде. Мемлекеттің негізгі қызметтері және мемлекеттік басқарудың әртүрлі жүйелерінің сипаттамалары.

2. Мемлекеттік басқарудың теориялық-әдістемелік негіздері

Мемлекеттік басқару ісінің теориялық астары және оның құрамдас бөліктері. Азаматтық қоғамда мемлекеттік саясаттың маңызы мен қалыптасуы. Мемлекеттік саясатты іске асырудың ресурстарын, әдістері мен механизмдерін таңдау. Мемлекеттік басқару жүйесіндегі тікелей, кері және жанама байланыстар.

Мемлекеттік басқарудың объектілері мен субъектілері және олардың жүйелері. Мемлекеттік басқарудың қағидалары және оларды дұрыс анықтаудың маңызы.

Мемлекеттік басқарудың негізгі әдістері және белгілі бір тарихи кесімді уақыт ішінде олардың басыңқылығының проблемалары. Мемлекеттік басқарудың әкімшілік, экономикалық, әлеуметтік-саяси, моральдық-этикалық және т.б. әдістері. Мемлекеттік басқару әдістемесінің түсінігі және оны ұдайы жетілдіріп отыру қажеттілігі.

3. Мемлекеттік басқарудың ұйымдастырушылық негіздері

Қазақстан Республикасының Конституциясы мемлекетті басқарудың заңдық-құқықтық негізі ретінде. Мемлекеттік басқару ұйымдастырудың мәні мен негізгі белгілері. Мемлекеттік орган басқаруды ұйымдастырудың жүйесін құрушы элемент ретінде. Заң шығарушы және атқарушы билік органдарының жүйесі, олардың өзара әрекеттілігінің тәртібі мен тиімділігі. Салалық және аймақтық деңгейде мемлекеттік басқару органдарын құру мен қайта құру мәселелері жөніндегі ҚР Заңдары мен ҚР Президентінің Жарлықтары.

4. Мемлекеттік басқаруды құқықтық және ақпараттық қамсыздандыру

Мемлекеттік басқаруда заң шығару іс-әрекетінің бастапқылығы. Мемлекет пен қоғам; мемлекет пен оның азаматтары; мемлекет пен шаруашылық жүргізуші субъектілер; мемлекет пен қоғамдық-саяси ұйымдар; орталық және жергілікті атқарушы органдар және т.б. арасындағы басқарушылық қатынастарды құқықтық реттеудің мәні мен маңызы.

Мемлекеттік басқаруды құқықтық реттеудің негізгі нысандары мен әдістері.

Басқару объектісінің жағдайы мен даму перспективасын ескеретін басқару шешімдерін қабылдауды қамтамасыз етудегі ақпараттың маңыздылығы. Мемлекеттің ақпараттық жүйесі және басқарушылық ақпаратты қалыптастыру көздері. Ақпараттық технология және оны қолдануды ұйымдастыру.

5. Мемлекеттің басқарушылық іс-әрекеті және оның санаткерлік әлеуеті

Басқару ісінің мәні, жалпы белгілері мен қағидалары. Оның нысандары мен мазмұны. Басқару технологиясының түсінігі және оның жіктелуі.

Мемлекеттік басқару қызметшілері және олардың сапалық деңгейіне қойылатын талаптар. Мемлекеттік қызметтің мәні мен заңнамалық негіздері. Мемлекеттік қызметтің ұйымдастырушылық қамсыздандырылуы және оның негізгі мәселелері.

ҚР «Мемлекеттік қызмет туралы» Заңының негізгі ұстанымдары мен іске асырылу тәжірибесі. Мемлекеттік басқаруды жетілдіру үшін мемлекеттік қызметті жақсартудың отандық және шетледік тәжірибесін ғылыми тұжырымдаудың маңызы.

6. Басқару қызметінің стилін жетілдіру және оны іске асырудағы жауапкершілік

Басқару ісінің стилі туралы ұғым және оның өзгермелілігі. Мемлекеттік басқару стилінің элементтері мен оны сипаттайтын белгілер. Басқару ісі стилінің мемлекеттік басқарудағы жауапкершілікпен өзара байланысы және оны жетілдірудің қажеттілігі.

Қоғамдық қатынастар жүйесіндегі жауапкершілік және оның заңдық-құқықтық астары. Мемлекеттік басқаруда жауапкершілік деңгейінің басқару ісін бөлу мен тәртіпке келтіруден тәуелділігі.

7. Мемлекеттік басқару қызметінің әлеуметтік-экономикалық тиімділігінің проблемасы

Мемлекеттік басқарудың нәтижелерін талдау әдістемесі және оны бағалау. Жалпы мемлекеттік және аймақтық деңгейлерде басқару ісінің тиімділігінің экономикалық астары. Мемлекеттік басқарудың жалпы әлеуметтік тиімділігінің мәні мен бағалау белгілері. Мемлекеттік басқару субъектілері мен экономиканы басқару органдарының ұйымдастырылуы мен қызметінің тиімділігі.

8. Қазақстан жағдайында мемлекеттік басқаруды жетілдіру

Қазақстандағы мемлекеттіліктің және мемлекеттік құрылыстың тарихи астары. 20 ғ. соңғы онжылдығы ішінде Қазақстанның мемлекеттік құрылысының әлеуметтік-саяси және ұйымдастырушылық-құқықтық жағынан қамтамасыз етілуі.

Орталық пен жергілікті жерлердегі өкілетті және атқарушы билік органдарының жүйесі, олардың басқару іс-әрекетінің жетілдірілуі мен тиімділігі.

Экономика мен әлеуметтік үрдістерді мемлекеттік басқарудың салалық және аймақтық астарлары. Мемлекеттік басқарудың орталық, жергілікті және салалық органдарының өзара байланысының схемасы.

Теория и практика государственного управления

1. Сущность и формы государства и необходимость управления им

Происхождение, сущность и основные характеристики государства. Основные направления теории о возникновении государства и его типология по формам правления и государственного устройства, по политическому режиму. Унитарность и федеративность в государственном строительстве. Президентская и парламентская формы правления. Сущности особенности монархии, аристократии и демократии. Объективная необходимость управления государством. Система управления как институт общественно-экономического развития. Основные функции государства и характеристика различных систем государственного управления.

2. Теоретико-методологические основы государственного управления

Теоретический аспект управленческой деятельности государства и ее составные части. Значение и формирование государственной политики в гражданском обществе. Выбор ресурсов, методов и механизмов осуществления государственной политики. Прямые, обратные и косвенные связи в системе государственного управления.

Объекты и субъекты государственного управления и их система. Принципы государственного управления и значение их верного определения.

Основные методы государственного управления и проблемы их приоритетности в течение известного исторического отрезка времени. Административные, экономические, социально-политические, морально-этические и другие методы государственного управления.

Понятие методологии государственного управления и постоянная необходимость ее совершенствования.

3. Организационные основы государственного управления

Конституция Республики Казахстан как законодательно-правовая основа управления государством. Сущность и основные черты государственного управления. Государственный орган как системообразующий элемент организационной структуры управления.

Система органов законодательной и исполнительной власти, порядок и эффективность их взаимодействия. Общая схема взаимодействия центральных и местных государственных органов управления. Местные представительные и исполнительные органы управления.

Законы РК и Указы Президента РК по вопросам реорганизации и образования государственных органов управления в отраслевом и территориальном разрезах.

4. Правовое и информационное обеспечение государственного управления

Сущность и значение правового регулирования управленческих отношений между: государством и обществом; государством и его гражданами; государством и хозяйствующими субъектами; государством и общественно-политическими организациями; центральными и местными исполнительными органами и др.

Основные формы и методы правового регулирования государственного управления.

Значение информации в обеспечении принятия управленческих решений, учитывающих состояние и перспективы развития объекта управления. Информационная система государства и источники формирования управленческой информации. Информационная технология и организация ее использования.

5. Управленческая деятельность государства и ее интеллектуальный потенциал

Сущность, общие черты и принципы управленческой деятельности. Ее формы и содержание. Понятие управленческой технологии и ее классификация.

Персонал государственного управления и требования предъявляемые к его качественному уровню. Сущность и законодательные основы государственной службы.

Организационное обеспечение государственной службы и его основные проблемы. Основные положения и практика осуществления Закона РК «О государственной службе». Значение научного обобщения собственного и зарубежного опыта улучшения государственной службы для совершенствования государственного управления.

6. Совершенствование стиля управленческой деятельности и ответственность в ее осуществлении

Понятие стиля управленческой деятельности и его динамичность. Элементы и характерные черты стиля государственного управления.

Ответственность в системе общественных отношений и ее законодательно-правовой аспект. Степень организованности и ответственности в государственном управлении как важный показатель его эффективности.

7. Проблема социально-экономической эффективности деятельности по управлению государством

Методология анализа результатов государственного управления и их оценка. Экономический аспект эффективности управленческой деятельности на общегосударственном и региональном уровнях. Сущность и критерий оценки общей социальной эффективности государственного управления.

Эффективность организации и функционирования субъектов государственного управления и органов управления экономикой.

8. Совершенствование государственного управления в условиях Казахстана

Исторический аспект государственности и государственного строительства в Казахстане. Социально-политические и организационно-правовое обеспечение государственного строительства в Казахстане за период последнего десятилетия 20 века.

Система органов представительной и исполнительной власти в центре и на местах, совершенствование и эффективность их управленческой деятельности. Отраслевые и региональные аспекты государственного управления экономикой и социальными процессами. Схема взаимодействия центральных, местных и отраслевых органов государственного управления.

Экономиканың нақты секторын мемлекеттік реттеу

1. Экономиканы мемлекеттік реттеудің теориялық астары мен оның объектісі

Экономиканы мемлекеттік реттеудің (ЭМР) объективті қажеттілігі мен оның мәні. Қоғамдық-экономикалық жүйенің типологиясы мен шаруашылық жүргізудің негізгі үлгілері. Рыноктық экономиканың қалыптасуы мен дамуындағы мемлекеттің рөлі. Мемлекеттің экономикалық рөлі жөніндегі мәселелердің негізгі ғылыми бағыттары: неоклассикалық және кейнсиандық ағым, монетаризм, институционализм және т.б. Мемлекеттің экономикалық функциясы мен оның транзитті экономика жағдайындағы іс-әрекетінің ерекшелігі. Ұдайы өндіріс процесі мен экономиканың циклілігі, оның объективті және субъективті себептері. Экономика мен әлеуметтік саладағы дағдарыстан шығудағы мемлекеттің іс-әрекеті.

Институционализм және оның негізін салушылар. Трансакциялық шығындардың мәні. Трансакциялық шығындардың өсуінің негізгі себептері мен оны төмендетудегі мемлекеттің рөлі.

Мемлекеттік реттеудің объектілері: макросфера, экономиканың өндірістік, инфрақұрылымдық, әлеуметтік сфералары мен олардың аймақтық құрушылары. ЭМР-дің субъектілері, олардың әлеуметтік-экономикалық және шаруашылық мүдделері.

2. Экономиканы мемлекеттік реттеудің методологиясы жөніндегі ұғым және оның элементтері

Ұдайы өндіріс айналымы және экономикалық құбылыстардың өзара байланысы. Ресурстар динамикасы мен экономикалық өсудің концептуальдық негізі.

Жиынтық сұраныс пен ұсыныс, олардың өзара байланысы. ЭМР-дің қағидасы мен принциптерін негіздеу, олардың өзгермелілігі.

ЭМР-дің әдісі мен механизмі. Макроэкономикалық, институционалдық, ақпараттық, ресурстық әдістер. ЭМР методологиясы және оны әрдайым жетілдіріп отырудың қажеттілігі. ЭМР әдістерінің құрамы және оларды реттеу объектісі мен мақсаттарынан туындайтын басымдылығы.

3. Экономиканы реттеудің ұйымдастырушылық негіздері мен оның шетелдік тәжірибесі

ЭМР-ді ұйымдастырудың теориялық негіздері. Мемлекеттің экономикалық функцияларын құқықтық негізбен қамтамасыз ету. Қазақстан республикасының (ҚР) Конституциясы – ЭМР-ді ұйымдастырудың негізі ретінде. Республиканың өкілетті, заң шығарушы және атқарушы органдарының жүйесі.

ҚР экономикасын басқару органдарының ұйымдық құрылымы. Халық шаруашылығын басқарудың орталық органдарының негізгі функционалды міндеттері. Аймақтық басқару органдары және олардың әлеуметтік-экономикалық дамуды реттеудегі рөлі.

Мемлекеттік меншікті жекешелендіру процесі мен оны ұйымдастыру. Шағын бизнес пен кәсіпкерлікті қолдауды ұйымдық-құқықтық жағынан қамтамасыз ету және оның мемлекеттік бағдарламасы.

Мемлекеттік кәсіпкерліктің мәні, жалпы белгілері, даму тенденциясы және оның қоғамдық капиталдың ұдайы өндірісіндегі рөлі. Кәсіпкерлік қызмет субъектілерінің өзара қатынастарының ұйымдастыру-этикалық астары.

Экономиканы реттеудегі мемлекеттік емес субъектілер: азаматтық қоғам институттары, кәсіби бірлестіктер мен одақтар, ассоциациялар және т.б.

Рыноктық экономикасы дамыған елдердегі мемлекеттік реттеуді жүзеге асырудың ерекшеліктері. Экономикада рыноктық қатынастардың дамуы және оны Оңтүстік-Шығыс Азия мен Шығыс Еуропа елдеріндегі мемлекеттік реттеу. Шет елдердегі жалпыэкономикалық және стратегиялық жоспарлау: оның ТМД елдерінде рыноктық қатынастардың дамуы жағдайындағы рөлі.

Қазақстан жағдайында ЭМР-дің шетелдік тәжірибелерін пайдаланудың мүмкіндіктері мен проблемалары.

4. Транзиттік экономиканың негізгі мінездемесі және оның заңдылықтары

Транзиттік экономика: мәні, негізгі мінездемесі және трансформациялық процестердегі мемлекеттің рөлі. Өтпелі кезеңдегі жалпыэкономикалық және макроэкономикалық тенденциялар: олардың даму бағытын таңдау. Транзиттік экономиканың үлгілері және олардың жүйесі: «жұмсақ революция», «әлеуметтік-нарықтық шаруашылық», «есінен тандыру терапиясы» және т.б. Белгілі бір үлгіні пайдалану негіздері. Рыноктың дамуына мемлекет тарапынан жасалатын жағдайлар. Рыноктық құрылымдарды қалыптастырудағы мемлекеттің рөлі мен олардың дамуын реттеу әдістері.

5. Экономикалық өсудің негізгі факторлары мен оны қамтамасыз етудегі мемлекеттік шаралар

Мемлекеттің экономикалық саясатын қалыптастыру негіздері мен факторлары және оның әлеуметтік бағытталуы. Қоғамдық өндіріс: көрсеткіштер, өсу қарқыны және құрылымдар. Мемлекеттің құрылымдық саясатының қажеттілігі мен негіздемесі. Өндірістік бағдарламаларды жасақтау принциптері. Экономикалық өсу факторлары, көрсеткіштері және оларды анықтау әдістері. Экономикалық өсуді қамтамасыз етудегі мемлекеттің іс-әрекетінің негізгі бағыттары. Экономикалық өсу үлгілерін салыстыру. Мемлекеттің индустриалдық және аграрлық саясатының қалыптасу ерекшеліктері. Өндірістік күштерді ұтымды орналастыру проблемасы және оны шешу барысында мемлекет мүддесін есепке алу.

6. Экономиканы мемлекеттік реттеу қызметінің басты сатысы әлеуметтік-экономикалық болжау мен жоспарлау

Экономикалық болжаудың мәні және ғылыми-методологиялық негіздері. Болжаудың қағидалары мен әдістері. Халық шаруашылығын кешенді болжауды жасақтауды ұйымдастыру және оның теориялық негіздері.

Мемлекеттің ұлттық бағдарламалары экономиканың басыңқы бағыттармен дамуының мемлекеттік стратегиясын іске асыру негізі мен халық шаруашылығы жоспарының құрамдас бөлігі ретінде. Аймақтар мен салалардың индикативті және стратегиялық жоспарларының мәні, ғылыми негізі мен белгілері. Стратегиялық жоспарлау методологиясының түсінігі. Экономиканың өндірістік, инфрақұрылымдық, әлеуметтік салаларының дамуын стратегиялық және индикативті жоспарлау, оның негізгі әдістері.

7. Халықты жұмыспен қамту мен әлеуметтік қорғауды мемлекеттік реттеу

Қоғамның еңбек әлеуеті мен демографиялық жағдайы. Еңбек ресурстарының гендерлік және интеллектуальдық деңгейінің маңызы. Еңбекке қабілетті тұрғындарды жұмыспен қамтамасыз етудегі мемлекеттік шаралар жүйесі. Жұмыссыздықтың түрлері мен негізгі себептері және оны төмендетудегі мемлекеттің іс-әрекеті. Еңбек рыногының қалыптасу процесі мен оны дамытуға мемлекет тарапынан қолдау шаралары. Оукен заңы мен Филлипс қиысығы. Инфляция, жұмыссыздық, еңбекақы және еңбек ресурстарын ұтымды пайдалану мәселелері.

Халықтың түрлі топтарын әлеуметтік қорғауды қамтамасыз етудегі жалпымемлекеттік саясатты жүзеге асыру тәсілдері мен ұйымдастыру-құқықтық негіздері. Күнкөріс минимумы және кедейшілікпен күресу проблемасы. Табысты бөлудің әділеттілігі. Халықтың өмір сүру деңгейін мемлекеттік реттеу қағидалары мен әдістері.

Әлеуметтік инфрақұрылымның дамуын мемлекеттік реттеу және оның механизмдері. Денсаулық сақтаудың, білім берудің, мәдениеттің даму көрсеткіштері және осы салалардың адами даму индексінің деңгейімен өзара байланысы.

8. Мемлекеттің инвестициялық саясатының қалыптасуы мен оны жүзеге асыру механизмдері

Инвестиция және инвестициялық концепция. Мемлекеттің инвестициялық іс-әрекетінің ең маңызды қағидалары. Мемлекеттің инвестициялық саясатының өзгермелілігі мен оны қалыптастыру негіздері.

Инвестициялық ресурстардың негізгі көздері мен оны ұтымды пайдалану проблемалары. Шетледік инвестициялар мен ішкі инвестициялық ресурстар арасындағы өзара қатынастардың тиімдісін таңдау. Инвестицияға сұраныс пен оған ұсыныс арасындағы тепе-теңдікке қол жеткізу механизмі.

Шаруашылық субъектілерінің инвестициялық белсенділігін арттырудың рөлі және оның механизмі. Инвестициялық жобаларды бағалау және мемлекеттің инвестициялық іс-әрекетінің ұзақмерзімді бағдарламаларын жасақтау. Мемлекеттегі инвестициялық тартымдылық мәселесі: әлеуметтік-саяси тұрақтылық, заң актілерін іске асыру, экономикалық реформаларды тереңдету бағытын ұстану, экономикалық байланыстар бойынша мемлекетаралық міндеттердің өз уақытында орындалуы және т.б.

9. Экономиканы реттеудің қаржы-бюджеттік әдістері

ҚР қазіргі қаржы-бюджеттік жүйесі және оның әлеуметтік-экономикалық рөлі. Экономиканы реттеудің қаржылық механизмдерінің басыңқылығы мен құрамы. Мемлекеттің фискальды саясатын күшейтудің қажеттілігін негіздеу мен оны жүзеге асырудың басты әдістері. Салық салу және бюджетке салықтық түсімдерді көбейту шараларын мемлекеттік ұйымдастыру. Мемлекеттік шығындарды жоспарлау және оларды тиімді пайдалану.

Мемлекеттік бюджет жүйесі мен бюджетаралық қатынастарды жетілдіру проблемасы. Бюджет тапшылығын қаржыландыру көздері мен әдістері. Мемлекеттің ішкі және сыртқы қарызы және оны жабу шаралары. Бюджеттен тыс қорлар және оларды ұтымды пайдалануға мемлекеттің әсерін тигізетін механизмдер.

10. Мемлекеттің ақша-несие саясатын жүзеге асырудың негізгі механизмдері

Мемлекеттің ақша-несие саясатының қалыптасу негіздері, мақсаты мен тапсырмалары. ҚР-да ақша-несие жүйесінің қызметі мен оны жетілдірудегі Ұлттық Банкінің рөлі. Ақша-несие қатынастары мен ақша айналымын реттеудің ұйымдастыру және заңдық негіздері.

Екінші деңгейлі банк қызметтерін реттеу және несие ресурстарын ұтымды пайдалану үшін мемлекет қолданатын әкімшілік және экономикалық тетіктер. Макроэкономикалық тұрақтылықты және тепе-теңдікті қолдау мүдделерін ескере отырып жасалған монетарлы саясатты жүзеге асыру әдістері.

11. Қазақстан аймақтарының әлеуметтік-экономикалық дамуын мемлекеттік реттеу

ҚР мемлекеттік құрылысының унитарлығы мен оның әкімшілік-аймақтық бөлінуі. Аймақтық даму аясындағы мемлекеттік саясаттың қалыптасуы және оны жүзеге асыру әдістері. Шағын және орташа депрессивті қалалардың, әлеуметтік артта қалған аудандардың, облыстардың экономикалық және әлеуметтік дамуын қамтамасыз етудегі мемлекеттік органдардың іс-әрекеті мен ұйымдастыру құрылымы.

Аймақтық дамудың концепциясы мен мемлекеттік бағдарламасын жасақтаудың рөлі және олардың қажеттілігін анықтау. Жергілікті шаруашылық пен жергілікті өзін-өзі басқару. Жергілікті басқару жүйесі. Арнайы экономикалық аймақтарды ұйымдастыру негізі, мағынасы мен тиімділігі.

12. Мемлекеттің табиғатты қорғау және сыртқы экономикалық қызметін реттеу

Қоршаған ортаны қорғау мен табиғатты дұрыс пайдаланудың әлеуметтік-экономикалық маңызы. Табиғи ресурстарды қорғауды және оның ұтымды пайдаланылуын экономикалық реттеу. Мемлекеттің табиғатты қорғау шараларын (бағдарламаларын) жасақтау мен жүзеге асыру әдістері.

